




**ЎЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ХАЛЫҚҚА БІЛІМ БЕРУ
МИНИСТРЛІГІ**

РЕСПУБЛИКА БІЛІМ ОРТАЛЫҒЫ

**2021-2022-ОҚУ ЖЫЛЫНДА ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН
МЕКТЕПТЕРДІҢ 9-, 11-СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫ ҮШІН
ҚОРЫТЫНДЫ МЕМЛЕКЕТ АТТЕСТАЦИЯСЫН ҚАЗАҚ ТІЛІ
МЕН ӘДЕБИЕТІ ПӘНІНЕН МАТЕРИАЛДАР МЕН
МЕТОДИКАЛЫҚ ҰСЫНЫСТАР**



ТАШКЕНТ – 2022



Республикалық білім беру орталығының Түркі тілдер бойынша кезектен тыс ғылыми-әдістемелік кеңестің 2022 жылғы 17 наурыздағы №1 санды қаулысы негізінде талқыланып, мақұлданды және баспаға ұсынылды. Жалпы орта білім берудің 9-11-сынып оқушыларының қорытынды мемлекеттік аттестациясын өткізу бойынша әдістемелік ұсыныстарға және материалдарды коммерциялық мақсатта көшіруге тыйым салынады.

Жалпы орта білім беретін мекемелердің методбірлестіктері қорытынды бақылау емтихан материалдарына 15-20%-ға дейін өзгертулер енгізу мүмкін.

ҚҰРАСТЫРУШЫ:

Б.Д.Байдиллаева - Республика білім орталығының методисті

ПІКІР БІЛДІРУШІЛЕР:

А.Ж.Үмбетова - Ташкент облысы Қыбырай ауданына қарасты 9-жалпы білім беретін мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәні оқытушысы.

Б.А.Байдыбекова - Ташкент облысы Қыбырай ауданы 23 - жалпы орта мектептің қазақ тілі және әдебиет пәні мұғалімі.





9 СЫНЫП

9-сынып бітірушілері қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен қорытынды аттестацияда шығармашылық мазмұндама жазады.

Мазмұндама мәтіндері 3 вариантта дайындалады. Әрбір вариантта біреуден мәтін беріледі.

Бір оқушы варианттардан (конверттен) біреуін таңдап алады. Таңдап алынған конверттегі мәтін тақырыбы тақтаға жазылады. Шығармашылық мазмұндама үшін берілген тапсырма да тақтаға жазып қойылады. Мұғалім тарапынан шығармашылық мазмұндама мәтіні бір (қажет болса екі) рет оқып беріледі. Оқушылар естіген мәтіндері бойынша берілген тапсырмалар негізінде шығармашылық мазмұндама жазады. Шығармашылық мазмұндама көлемі кемінде 3,5 бет болуы керек. Шығармашылық мазмұндама жазу үшін 120 минут беріледі.

Шығармашылық мазмұндама үшін екі баға, сондай-ақ, мазмұны мен сауаттылығына (5 \ 5) тәрізде қойылады.

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ МАЗМҰНДАМА ТӨМЕНДЕГІ БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ НЕГІЗІНДЕ БАҒАЛАНАДЫ:

Баға	Мазмұны	Сауаттылығы
“5”	- жазбаша жұмыс жоспары тақырыптың мазмұнын толық қамтиды; - жұмыстың мазмұны тақырып жоспарымен толық сәйкес келеді; - жазбаша жұмыстың мазмұны жүйелі және үздіксіз қамтылған; - жазбаша сөйлеудің лексикалық байлығымен, сөздерді дұрыс қолданумен және синтаксистік құрылымының әртүрлілігімен сипатталады; - ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде жазылған жұмыста даналық сөздер, мақал-мәтелдер және статистика, сондай-ақ ұсынылған мәліметтер жарамды; - тақырып мазмұны әдеби тілдің нормаларын сақтай отырып, жазбаша жұмыста жинақталады	Егер мәтін каллиграфиямен жазылса, 1 емле, 1 тыныс белгілері қатесі, 1 грамматикалық қате болса, ол 1/1/1 деп белгіленеді
“4”	- жазбаша жұмыс жоспарының мазмұны егжей-тегжейлі көрсетілген, бірақ кей жерлерде оқиғалар мен суреттерде дәлсіздіктер кездеседі; - ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға, мақал-мәтелдерді қолдануға негізделген даналық сөз, бірақ дербес пікір білдіруде бірізділік ішінара бұзылған; - жазбаша сөйлеудің лексикалық-грамматикалық құрылымын әр түрлі қолдану; - мәтін құрылымы бірегейлігімен және мәнерлілігімен сипатталады; - тақырып әдеби тіл нормаларына, жалпы қорытындыға сәйкес келеді, бірақ мәтін мазмұнында тақырыптан ауытқулар бар	Осы жазбаша жұмыстағы қателіктер саны келесідей болған кезде: 2/2/3; 1/3/3; 0/4/3. Алайда грамматикалық қателер саны 3-тен, орфографиялық қателердің жалпы саны 2-ден аспауы керек
“3”	- жазбаша жұмыс нақты жазылған, бірақ мәтінде 3-4 фактінің қателіктері бар; - жазбаша жұмыста тақырыптан ауытқулар (тақырыпқа қатысы жоқ ақпарат) болса; - жазбаша мәтіннің тақырыпқа қатысы 70% -дан аспайтын жағдайларда; - мәтін жоспарларын қамту кезінде реттілік бұзылған; - егер сөйлем құрау тәсілдері бірдей болса, жазбаша сөйлеуде лексикалық байлық жоқ; - егер мәтін мәнерлі болмаса, құрылымында біркелкілік жоқ	Қателер болған кезде: 0/5/7; 1/4-7/4; 2/3-6/4; 4/4/4; 3/5/4

“2”	- жазбаша жұмыстың мазмұны жоспарға мүлдем сәйкес келмейді; - мәліметтерде көптеген қателіктер бар; - мәтін тақырыпқа сәйкес 50% -дан аз болса; - тақырыпты қамту реттілігі толығымен бұзылған, тақырып пен жоспар сәйкес келмейді; - жазбаша жұмыс мәтінінде бір типтегі қысқа жалпы сөздерді орынсыз қолдану жағдайлары кездеседі	Қателердің саны әр түрлі болуы мүмкін: - орфографиялық қателер санына қарамастан, жазбаша жұмыста 5 орфографиялық қате; - 8 немесе одан көп тыныс қателері, орфографиялық қателер, грамматикалық қателер - 5
“1”	Жоғарыда көрсетілген критерийлердің астында жазылған мәтінге қатысты	7 немесе одан да көп грамматикалық қателер

Ескерту:

1. Жазбаша жұмысты бағалауда оқушының өзіндік пікірі, салыстыруы, сипаттамасы, қазіргі заманғы интерпретациясы, жазбаша сөйлеу сауаттылығы, бір идеяны орынды қолдану, шығармашылық көзқарас бір ұпайға жоғарылауы мүмкін.

2. Егер мәтіннің көлемі көрсетілген парақтан 1,5 немесе 2 есе артық болса, онда ол жоғарыда көрсетілген критерийлердің біріне көбейтіледі. Алайда жазбаша «5» бағасы да ерекшелік емес. Мысалы, «4» деген бағаға ие жазбаша жұмыста қателер саны (мысалы, емле, жоғарыдағы белгі) 1-ге, ал «3» деген бағадағы жазбаша жұмыста 2-ге көбейтіледі.

3. Егер мәтін тақырыбы мүлдем қамтылмаған болса, бірінші сынып қанағаттанарлықсыз деп қойылады.



ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ МАЗМҰНДАМА ҮШІН МӘТІН ҮЛГІЛЕРІ

Менің анам

Әр адам жарық дүниеге келгенде мейірімді, жүрегі жылы жанды көреді. Ол – Ана. Баласын қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай бауырына басып, біз үшін жанұшыра шырылдайтын да – Ана. Әрбір ана бақытты өмірді, тыныштықты тілейді. Ана – тіршіліктің гүлі, отбасының берекесі, бүкіл адамзаттың тәрбиешісі. Дүниеде анасыз адам жоқ. Жазушы да, данышпан ғалым да, ел бастаған көсем де, сөз бастаған шешен де ана көкірегінен нәр алған. Ана – барлық өмірдің бастауы. Ол өз сәбиін мәпелеп өсіреді, жақсы болуын қалайды. Адам бойындағы барлық жақсы қасиеттер ананың ақ сүтінен дариды. Ана – ұлы адам, қасиетті жан. Ана бір қолымен бесік тербетсе, бір қолымен әлемді тербеткен деген.

Мен анамды қатты жақсы көремін. Сыйлаймын, амандығын тілеймін. Бірақ кейде оны ренжітіп алып жатамын. Мен өзім тез ашуланатын мінезім бар. Кейде анама бұлданып, қарсы сөйлеп қалатыным бар. Бірақ ашуым қайтқан соң «бекер айттым» деп өкініп қаламын. Бірақ анам кешірімшіл, ақылды, байсалды адам. Осындай сәттерде мен анама барып, көңілін табуға тырысамын. Бетінен сүйіп, жылы сөздер айтамын.

Анам ауырып қалған кезде мен анамның амандығын тілеймін. Бұл өмірде достарым, туыстарым қаншалықты көп болғанымен, олардың жаны анамдай ашымайтындай болады. Анашым – отбасының тірегі. Барлығы жасы үлкен - кіші туыстарым бір істі бастарда немесе басқа да жағдайларда менің анаммен ақылдасады. Ол барлық мәселенің шешімін тауып реттейді, кеңес береді. Анам – ажарлы кісі. Анамды қатты жақсы көремін. Анашым мені түсінетіне күмәнім жоқ. Анам ауырмай ұзақ өмір жасаса екен деп тілеймін. Анасыз өмір не болмақ?! Анам аман болсыншы! Анамыздың көңілі шат, жүзі жарқын, дені сау болуын әрқашан тілеймін.(234 сөз)

Тапсырма:

1. Мәтінге жоспар түз және өз ойыңды еркін шығармашылықпен баянда, өмірмен байланыстыр.

2. Жазушының пікірлерінен қорытынды жаса, мәтін бойынша өз ойыңды жинақтап, пікіріңді білдір.

Ұстаз - ұлағатты ұғым

Ұстаз... Қандай қасиетті сөз! Әр адамның жүрегіне ерекше жылулық нұрын себетін аяулы тұлға бейнесімен өзектес ұғым. Адам баласының жүрегінде қадір тұтып, құрметтейтін екі ұғым болса, соның бірі Ұстаз. «Ұстаз» деген қазақ баласы үшін қашанда қасиетті, қадірлі болған. «Ұстаздан тәрбие алған» немесе «ұстаз алдын көрген» деген сөздер құлаққа «ана тәрбиесін алған» деген сөздермен ұштасып жатады. Алғаш әріп танытып, өмірдің қыр сырын білуге, сан қилы құбылыстарын терең түсінуге мұрындық болып, жан дүниеге нұрлы шуақ түсіріп, адамгершілікке баулыған мұғалімнің бейнесі көңіл төрінен орын алары анық. Ұстаз әр адамның жанына білім дәнін сеуіп, әр шәкіртін аялап, өмір атты шексіз ғаламға топшысын қатайтып ұшырады. Дәлірек айтсақ, адамды өмір сүре білуге тәрбиелейді. Сол үшін бойындағы асыл қасиеттерін шәкірттеріне сіңіріп, тер төгеді.

Менің ойымша, кез келген мұғалім ұстаз бола алмайды. Себебі, ұстаздық өнер - тағылымы терең өнер. Ал өнерлі болу кез келген адамға қона бермейді. Олай болса, шын ұстаз болу үшін табиғи дарын, ізгілікті ізденіс пен ерен еңбекке ұштастырылуы шарт. «Шәкіртсіз ұстаз тұл» деген тегін айтылмаса керек. Дүниедегі сыйлы адам да ұстаз. Себебі, шәкірт өнер, білім, әдеп тәрбие, кәсіп үйреткен адамының алдында өзін өмір бойы қарыздармын деп санап, ұстазының көзі тірісінде өзін, өлгеннен кейін аруағын сыйлап, ардақтап өтеді.

Шын ұстаз - ұстаз болуды балалық шағынан армандайды. Қиындығымен қызығы бірге жүретін осынау мамандықтың шынайы иесі болу үшін көп қиындықтардан өтеді. Қиын дейтінім: әр сабағыңа жете дайындалып, балаларға білім беріп қана қоймай, тәлім - тәрбие беру, өмірге икемдеу, адалдыққа баулу, адамгершілік қасиеттерді бойына дарыту оңай шаруа емес. Ал олармен сырласу, мерекелік шаралар ұйымдастыру, табиғат аясына саяхатқа шығу, көңілді кезеңдерін бірге бөлісу, бұл бір сәтке өзіңді бала сезінетін ерекше бір қызық шақтар. Балаларға ұрысып, жекіп, кейімей ақ, олармен сырласа отырып жан дүниесін ұғынуға болады. «Ұстаз болу өз уақытыңды аямай, өзгенің бақытын аялау» деп Мұхтар Әуезов айтқандай, уақытпен санаспай балалардың болашағы үшін аянбай жұмыс жасасаң, еңбегің еш кетпейді деп түсінемін. Қанша жыл тер төгіп еңбек етсең де, «болдым, толдым, мен бәрін де білемін» деп айтуға болмайды. Ұстаз үнемі ізденіс үстінде болуы керек. Өмір бір орнында тұрмайды, үнемі алға жылжып отырады, осыған орай жаңа заманның жаңа адамын тәрбиелеу, оқыту үшін үнемі ізденіп, білімін, біліктілігін арттырып отыру керек. (345 сөз)

Тапсырма: Мәтінге жоспар түз және өз ойыңды еркін шығармашылықпен баянда, өмірмен байланыстыр.

Тәуелсіздік - бәрінен қымбат

Биыл қастерлі Тәуелсіздігімізге 31 жыл толады. Бұл –қайта жаңғырған халқымыздың, ата-бабаларымыз аңсаған азаттықтың тұғыры нығая түскенін әйгілейтін маңызды белес. Тарих тұрғысынан алғанда, отыз жыл – көзді ашып жұмғандай қас-қағым сәт. Дегенмен, бұл көптеген халықтар үшін қиындығы мен қуанышы, дағдарысы мен дамуы алмасқан тұтас дәуір деуге болады. Біз де осындай жолдан өтіп келеміз.

Азаттығымыздың айшықты белесіне шыққанда әрбір саналы азаматты «Отыз жылда біз қандай жетістіктерге жеттік?», «Келер ұрпаққа қандай елді аманаттаймыз?», «Мемлекеттігімізді нығайта түсу үшін тағы не істейміз?» деген сауалдар толғандырады анық. Осы тұрғыдан алғанда, бұл – арман-мақсаттарымызды тоғыстырып, болашаққа тың серпінмен қадам басу үшін өткенге тағы бір мәрте оралатын, жетістіктеріміз бен кемшіліктерімізді ой елегінен өткізетін маңызды мезет.

Тәуелсіздіктің отыз бір жылын шартты түрде үш онжылдық белеске бөліп қарастыруға болады. Оның әрқайсысы атқарған миссиясы тұрғысынан ғасырдың жүгін арқалап тұр.

Мен азаттықтың алғашқы онжылдығын жаңа еліміздің іргетасын қалау кезеңі деп атар едім. Осы уақытта Елбасының басшылығымен мемлекетіміздің нышандары белгіленіп, билік жүйесі қалыптасты. Ұлттық валютамыз айналымға енді. Қарулы Күштеріміз құрылды. Ата заңымыз қабылданды. Шетелдермен дипломатиялық қатынас орнатылды. Еліміз беделді халықаралық ұйымдарға мүше болды.

Нарықтық экономикаға өтіп, жекеменшік институтын берік орнықтырдық. Отандық бизнестің негізін қаладық. Жастар әлемнің маңдайалды оқу орындарында білім ала бастады. Түрлі дағдарыстардан аман өтуге мүмкіндік берген Ұлттық қорымыз құрылды. Дүние жүзіне тарыдай шашылған қазақ баласын атажұртқа шақырып, Ұлы көшке жол аштық. Соның нәтижесінде ел еңсесі тіктеліп, ұлттық рухымыз көтерілді.

Екінші онжылдық – Халқымыздың керегесін кеңейту кезеңі. Осы жылдарда мемлекетіміздің тұғыры нығайып, экономикалық әлеуетіміз арта түсті. Құрлықтағы барлық шекарамызды айқындап, заң жүзінде бекіттік. «Мәдени мұра» бағдарламасын жүзеге асырып, тарихымызды түгендедік. Тұрғын-үй құрылысы да бұрын-соңды болмаған қарқынмен дамыды.

Үшінші онжылдықта шаңырағымыз биіктеп, өсіп-өркендеп, мерейлі мемлекетке айналдық. Саяси және экономикалық реформалармен қатар рухани жаңғыруға баса мән бердік. Осынау толағай табыстардың бәріне Елбасының дара көшбасшылығының һәм халқымыздың даналығы мен

парасатының, бірлігі мен ынтымағының, отандастарымыздың қажырлы еңбегінің арқасында қол жеткіздік. Сондықтан, Елбасы Тәуелсіздігіміздің мәңгі символына айналды десек, ақиқатты айтқан болар едік.

Алдағы төртінші онжылдықтың бізге жүктейтін міндеті – қуатты елдің иесі және кемел халық болу. Бұл жолда саяси-экономикалық реформаларды және сананы жаңғырту үдерісін жалғастырып, заман талабына бейімделген ұлттың жаңа болмысын қалыптастыруымыз қажет. Біз әділетті қоғам мен тиімді мемлекет құруды көздеп отырмыз. Кез-келген істе әділдік қағидатын басшылыққа алсақ, бұған анық қол жеткіземіз. Мысалы, тұрғындардың тұрмысын жақсарту түспесек, еліміздің жетістіктері мен халықаралық табыстарын мақтан ету артық. Азаматтарымыз экономикалық өсімнің игілігін сезіне алмаса, одан еш қайыр жоқ. Менің ұғымымдағы әділетті мемлекет дегеніміз – осы.

Тапсырма:

Мәтінге жоспар түз және өз ойыңды еркін шығармашылықпен баянда, өмірмен байланыстыр.



11 СЫНЫП

Оқушылардың қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінен игерген дағды, біліктері мен компетенттігі оның ауызша тіл дамыту үдерісінде бақылауымен бірге, ол жаратқан түрлі мәтінде өз көрінісін табады. Белгілі, 11-сыныптарда қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің негізгі көрсеткіші, оқушылардың пікірлері, логикалық жүйелілікте болуы, өзбетінше анық және дұрыс баяндау біліктілігі мен білімдерінің кеңдігі және дүниеқарасының байлығы мен жазба сауаттылық дәрежесімен белгіленеді.

Соған сәйкес 11 - сынып бітірушілері қазақ тілі мен әдебиет пәнінен қорытынды емтиханда шығарма жазады. Шығарма әдеби-шығармашылық және еркін тақырыптарда жазылады. Оқушылардың қорытынды бақылау шығармасы арқылы, жазба сауаттылығын анықтаумен бірге, шығармашылықтың рухани мирасын кең түрде үгіттеу, шығармашылық мирасын руханиятымыздың өмірлік дереккөзі және құрамды бөлімге айналдыру мен ізгілік идеялары арқылы жастарды салауатты тұлға етіп, даярлаудан тұрады. Ұсынылған тақырыптар мектептің методбірлестігінде талқылаудан өткізіліп, методбірлестік және педагогикалық кеңес қаулысымен бекітіледі. Бітірушілердің әдебиет пәнінен қорытынды бақылау бойынша белгіленген тақырыптарды 15 пайызға өзгертіру мүмкін. Шығарма тақырыптары 3 вариантта дайындалады. Әрбір вариантта екі тақырып (2 әдеби-шығармашылық, 1 еркін тақырып) белгіленеді. Өз қалауы бойынша бір оқушы тарапынан варианттардан (конверттен) біреуін таңдап алады. Таңдап алынған конверттегі мәтін тақырыптары оқушыларға оқып есіттіріледі, оқушылар бұл тақырыптан бірін таңдайды да сол тақырып тақатаға (доскаға) жазып қойылады. Үлгілі жоспар да түзіліп тақтаға жазылған соң **3 сағат (180 минут)** уақыт белгіленеді.

Шығармашылық шығарма үшін екі баға, яғни, мазмұны мен сауаттылығына (5/5 түрде) қойылады.

Шығарма 11-сыныптарда 3 беттен 5 бетке дейін болуы қажет.

ШЫҒАРМАНЫ БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

Р/с	Білім, дағды, іскерлік	Балл
1.	Шығарма тақырыбына сәйкес эпиграф таңдап, жоспар құра білу; жоспар бойынша шығарма тақырыбын толық және дәйекті қамту; сөйлеу мәнерінің әр алуандығы, сөздерді дұрыс таңдау мен қолдану, сөйлеу ретінің дұрыс қолданылуы, тілдік құралдарды қолдану; тарихи, әдеби, публицистикалық және басқа материалдарды шығарма мазмұнына қосу; шығарманы өз бетінше, шығармашылықпен, дәлелдемелер негізінде, еркін және сауатты жаза білу; шығарманы қорыта білу және 1-2 өрескел емле немесе пунктуация белгілерінде қате жіберілсе;	5
2.	Шығарма тақырыбына сәйкес эпиграф таңдап, жоспар құра білу; жоспар бойынша шығарма тақырыбын толық және дәйекті қамту; сөйлеу мәнерінің әр алуандығы, сөздерді дұрыс таңдау мен қолдану, сөйлеу ретінің дұрыс қолданылуы, тілдік құралдарды қолдану; тарихи, әдеби, публицистикалық және басқа материалдарды шығарма мазмұнына қосу; дербес шығармашылық ойлаумен, дәлелдерге сүйене отырып, еркін және сауатты шығарма жаза алады, бірақ жинақтай алмайды және нақты стилі жоқ, және 1-2 типографиялық қате, 2 орфографиялық қате, 2 пунктуациялық қатесі болса;	4
3.	Шығарма тақырыбына сәйкес жоспарлауда бірізділіктің болмауы; шығарма тақырыбы жоспарға сәйкес толық және дәйекті қамтылмаған; очерк мазмұнындағы тарихи, әдеби, публицистикалық және басқа материалдардың болмауы, мәнерлеу әдісінде сөздік қордың болмауы, сөздерді дұрыс таңдау мен қолдануда жүйеліліктің болмауы; егер ол өз бетінше ойлай алмаса және дәлелдемелер негізінде сауатты және сауатты жаза алмаса және 3 әдістемелік, 4 орфографиялық және 5 пунктуациялық қателер болса;	3
4.	Шығарма тақырыбына жоспар құра алмады; шығарманы қамту кезінде тақырыптан ауытқу; егер шығарма стандартталған деталь болса, шығарма өз бетінше шығармашылықпен ойлай алмаса, дәлелдемелер негізінде сауатты және сауатты жаза білсе және 4 стилистикалық, 5 орфографиялық және 6 тыныс белгілерінде қателіктер болса;	2
5.	Шығарма тақырыбына жоспар құра алмады; оқушы шығарма тақырыбын түсінбейді, өз пікірін білдіруде өрескел қателіктер жібереді, дұрыс жаза алмайды және 5 әдістемелік, 5 орфографиялық және 7 пунктуациялық қатеге ие болса.	1

ВАРИАНТ № 1

1. Сэбит Дөнентаевтың мысал өлеңдерінің ерекшеліктері.
2. Айман-Шолпан жырындағы Айман бейнесі.
3. «Тіл білген, ел біледі».

ВАРИАНТ № 2

1. Мыржақып Дулатовтың Бақытсыз Жамал романындағы Жамал бейнесі.
2. Қозы Көрпеш – Баян сұлу жырының тақырыптық ерекшелігі.
3. Еңбек – ырыстың бұлағы.

ВАРИАНТ № 3

1. Сәкен Сейфуллин лирик ақын.
2. Алпамыс батыр жырының тақырыптық ерекшелігін ашып көрсету (Туады ерлер ел үшін...).
3. Өзбекстан – Отаным менің.